

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 4 (2021)**

**ПАВЛОДАР**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/BFRH7055>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бурдина Е. И.

*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Пфейфер Н. Э.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Абибулаева А. Б.

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DDOV9727>**\*А. Б. Абуханова**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,  
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА  
МЕКТЕП ІШІНДЕГІ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ**

*Мақалада мектеп ішілік үздіксіз білім беру жүйесінің құрылымы, мазмұны негізгі бағыттары және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырудағы алатын орыны, ұйымдастыру әдістері, білім мазмұнын жаңарту жағдайында ақпараттық қоғам мен Цифрлы Қазақстан бағдарламасының талаптарына сәйкес қазіргі педагогтардың шеберліктерін арттырудың мақсат, міндеттері, негізгі формалары қарастырылған. Мектептің әдістемелік қызметінің, пәндік әдістемелік бірлестіктердің, шығармашылық және проблемалық топтар жұмысының заманауи белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын, электронды білім беру ресурстарын қолдану негізінде педагогтардың кәсіби шеберліктерін жетілдірудегі алатын орындары сипатталған. Тақырыртың мазмұнын ашу үшін 2017-2020 жылдар аралығында Талдықорған қаласындағы жалпы білім беретін орта мектептеріндің әдістемелік қызметтерінің мұғалімдердің білімдері мен кәсіби шеберліктерін үздіксіз арттыру бағытында атқарылған жұмыстарына талдау жасалған. Сонымен қатар, жүргізілген эмпирикалық зерттеулер нәтижесін саралау негізінде шығарылған ой қорытындылары мектептің әдістемелік қызметінде жүзгізілетін үздіксіз білім беру жүйесінің басым бағыттары, жетілдіруге баса назар аударуды қажет түйінді мәселелері анықталып, оларды шешудің оңтайлы тәсілдері көрсетілген. Мақалада «мектеп ішілік педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесі», «өзекті топ», «шығармашылық шеберхана», түсініктері нақтыланып, педагогтың өзін-өзі түсіну және бағалау негізінде жеке мүмкіндіктері мен зияткерлік қабілеттерін анықтауға бағытталған үздіксіз білім беру жүйесінің алатын орыны, білім мазмұнының жаңартылуы жағдайындағы өзектілігі дәлелденеді.*

*Кілтті сөздер: үздіксіз білім беру, әдістемелік бірлестік, педагогтардың біліктілігін арттыру, педагогикалық шеберлік, проблемалық топ, өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу.*

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен педагогтардың мәртебесі туралы ҚР заңына сәйкес еліміздегі педагогтардың кәсібилігін арттыру мәселесі педагог мамандығының беделін арттырудың басты факторы болып табылады. Педагог кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру, өздігінен білім алу, өзін-өзі жетілдіру басты міндеттер болғандықтан, барлық кәсіби біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі аталған қасиеттерді жетілдіруге бағытталуы тиіс [1]. Бүкіл Қазақстандық білім беру жүйесіне реформа жүргізу кезеңінде педагогтардың біліктілігін арттыру-бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Біліктілікті арттырудың мақсаты: педагогтардың теориялық білім деңгейін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көтерілетін практикалық дағдылар мен іскерліктерді жетілдіру; ғылым мен мәдениеттің заманауи жетістіктерін, озық педагогикалық технологиялар мен тәжірибе негізінде оқытудың теориясы мен практикасын, басқарушылық және жалпы мәдени қызмет саласындағы білімді жаңарту және тереңдету; оқытудың инновациялық нысандарын, әдістерін, құралдары мен технологияларын, озық отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибені игеру; инновациялық білім беру үдерістерін модельдеу болып табылады [2]. Сондықтан, бұл жүйенің негізгі функциясы жаңа педагогикалық білім мен технологияларды қолданып, оларды дамыта алатын педагог тұлғасының әлеуметтік-мәдени және зияткерлік әлеуетін дамыту.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдануға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Үздіксіз білім беру - бұл педагогтың өмір бойы кәсіби қызмет субъектісі ретіндегі қабілеттері мен қажеттіліктерін үнемі дамыту үрдісі. Білім беру жүйесінің сапасы осы жүйеде жұмыс істейтін педагогтардың біліктілік сапасынан жоғары болуымен тікелей байланысты. Білім беру мазмұнын жаңарту, әлемдік практикалар мен технологияларды енгізу жағдайларында педагог кадрлардың тұрақты біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау талап етіледі. Педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесінің қазіргі заманғы жай-күйі, оны жетілдіру мен дамытудың жалпы мәселелері Л. А. Даринскаяның

[3], Н. В. Кузьминаның [4], Ю. И. Кулюткиннің [5], И. В. Резановичтің [6], В. И. Шулярдың [7] жұмыстарында талданған. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамытудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік астарларын Б. А. Тұрғынбаеваның [8], үздіксіз білім беру барысында мұғалімдердің кәсіби күзiреттiлiктерiн бағалау мәселелерi Ш. Х. Құрманалинаның зерттеулерінде көрніс тапқан [9]. Педагогикалық шеберлікті арттыру (Василенко Л. И. [10], Романова К. Е. [11], Саранцева М. В. [12], Якушева С. Д. [13] және т. б.) зерттеулерінде көбінесе кәсіби білім көлемін кеңейтуге бағытталған жүйе ретінде қарастырылады. А. М. Муханбетжанова, С. М. Бахишеваның «Педагогикалық жүйетану негіздері еңбегінде» «педагогтардың біліктілігін жетілдірудің жаңғыртылған жүйесі ғана мұғалімді рефлексияға қабілетті, өз ісіне есеп бере алатын, білім берудің әлемдік жүйесін игерген, белсенді, шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыра алады» - деп көрсетеді [14]. Осы аталған педагогикалық кадрларды даярлау және оқыту бойынша ұйымдастырылған жүйелі жұмыс өңір, қала және жалпы білім беретін мектеп деңгейлерінде жүзеге асырылады, педагогтардың біліктілігін үздіксіз арттырудың мектепшілік жүйесін ұйымдастыруды қажет етеді.

### **Материалдар мен әдістер**

Мектеп ішіндегі педагогтардың білімі мен кәсіби біліктіліктерін арттыу жүйесінің құрылымы мен мазмұнын, негізгі бағыттарын, өзекті мәселелерін анықтау мақсатында 2019-2021 жылдар аралығында Талдықорған қаласының жалпы орта білім беру мекемелерінде эксперименттік зерттеулер жүргізіп, бақылау, эксперимент, талдау, салыстыру, жинақтау, бағалау әдістері қолданылды. Біз жүргізген зерттеуде алынған нәтижелер мектеп ішіндегі педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін анықтау, өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу ерекшеліктері мен ролі туралы идеяларды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Алматы облыстық білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының мәліметтеріне сәйкес қаладағы 26 мектепте мектеп ішінде педагогтардың білімі мен кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру 9 бағыт бойынша жүзеге асырылатынын көрсетті. 2017–2020 жылдар аралығында педагог мамандардың білімі мен кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру шараларының жалпы саны 2017–2019 жылдар аралығында біртіндеп артып, 2020 жылы күрт төмендегенін көрсетті. Эмпирикалық зерттеулер барысында жиналған сандық мәліметтерге жасалған талдау нәтижелері заманауи оқыту әдістері мен технологияларын оқу үрдісіне енгізу, теориялық семинарлар, педагогикалық дәрістер, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар даярлау, Талдықорған қаласындағы орта білім беру мекемелерінде педагогтардың білімі мен кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру құрылымындағы үлестерін анықтауға мүмкіндік берді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Педагогтардың үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды элементтерінің бірі – біліктілікті үнемі арттыру болып табылады. Педагогтардың кәсібилігін дамытуда мектептің әдістемелік қызметі – мектептің әдістемелік жұмысы ерекше орын алады. Ол пән мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыруды, үздіксіз білім алуды қамтамасыз етеді.

Мектептегі әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне және оқу-тәрбие үрдісін нақты талдауға негізделген әрбір мұғалім мен тәрбиешінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға, тұтас алғанда мектептің педагогикалық ұжымының шығармашылық әлеуетін дамытуға және арттыруға бағытталған бір-бірімен өзара байланысқан іс-шаралар жүйесі.

Оның негізгі міндеттерінің бірі – педагогтың шеберлігін үздіксіз арттыру, кәсіби өсуіне жағдай жасап оқыту, тәрбиелеу, дамытуды қамтитын әдістемелік мәдениеттерін жетілдіру.


Әдістемелік жұмыстың мақсаттары мен міндеттері мектепшілік басқару жүйесімен, бүкіл педагогикалық ұжым қызметінің түпкілікті нәтижесімен тығыз байланысты. Оның құрылымы бір-бірімен өзара байланысқан және бірін-бірі толықтыратын бірнеше құрамдас бөліктерінен тұратын педагогтардың кәсібилігін жетілдіруге бағытталған біртұтас жүйе болып табылады: әдістемелік жұмысты тұтас жүйе ретінде басқаруда әдістемелік кеңес жетекші рөл ақарады; мектептің әдістемелік қызметінің екінші құрамдас бөлігі мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері; кәсіби дамуын қамтамасыз етуде педагогтардың шығармашылық топтары ерекше орын алады; семинарлар мен практикумдар педагогтың теориялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған; проблемалық топ қызметінің мақсаты - топ мүшелерінің кәсіби дамуына, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау; педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыратын инновациялық қызметті дамыту; білім беру ұйымының әдістемелік жұмысының ажырамас құрамдас бөлігінің бірі озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату; педагогтың кәсіби өсуінің және оның шеберлігін жетілдірудің негізгі құралы өз бетімен білім алу болып табылады. Өзінің білімі мен кәсіби біліктілігін жетілдіру ерікті және саналы түрде оны жоспарлау, басқару және бақылау арқылы жүзеге асырылады. Өз бетімен білім алудың негізгі қағидаларына сабақтастық, мақсаттылық, дәйектілік, жалпы және кәсіби мәдениеттің бірлігі, өзара байланыс, қолжетімділік, озық сипат, төмен деңгейден жоғары деңгейге ауысудың тұрақтылығы, өзгергіштік және т. б. жатады. Мамандарды өз бетімен білім алу кезеңдерін құруды білу үшін оны ұйымдастырудың төмендегі негізгі формаларын ұсынады: Назарбаев зияткерлік мектептерінің

педагогикалық шеберлік орталығы мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында курстық дайындық; екінші жоғары білім немесе екінші мамандық алу; қашықтықтан біліктілікті арттыру курстары, конференциялар, семинарлар, олимпиадалар мен байқаулар; жеке жұмыс өз білімін жетілдіру; желілік педагогикалық қауымдастықтар.

Кесте 1 – 2017–2020 жылдар аралығында Талдықорған қаласындағы жалпы орта білім беру мекемелерінде педагог мамандардың кәсіби біліктіліктерін үздіксіз арттыру шараларының жалпы саны

Жылдар	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2020 ж
Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін үздіксіз арттыру шаралары	1179	1326	1260	1195


Жасалған талдаулар педагог мамандардың білімдері мен кәсіби біліктіліктерін мектеп ішінде үздіксіз арттыру шаралары 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 12,46 % (1326) ал, 2019 жылы 6,87 % (1260), 2020 жылы не бары 1,35 % (1195) артты. 2020 жылы мектепшілік педагогтардың білімі мен кәсіби біліктіліктерін арттыру шараларының күрт төмендеуін 20-наурыздан бастап COVID-19 коронавирусына байланысты пандемия жағдайында жалпы орта білім беретін мектептердің қашықтықтан онлайн оқуға көшуімен түсіндіруге болады (1 сурет).



Сурет 1 – Талдықорған қаласындағы мектептерде 2017–2020 жылдар аралығында педагогтардың білімі мен кәсіби біліктіліктерін үздіксіз арттыру шараларының саны

Басым бөлігін бастамашыл шығармашылық топтар мен мектептің пәндік әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстарына, психологиялық тренингтерге қатысу, басқа мектептердің тәжірибесімен танысу, озық педагогикалық тәжірибені енгізу және тарату, мектеп, аудан, өңір көлемінде шеберлік сабақтарын өткізу, баяндамалар, хабарламалар, мақалалар мен әдістемелік әзірлемелерді дайындау және жариялау басым екенін көрсетті (2-сурет).

Баяндамалар, хабарламалар, мақалалар мен әдістемелік әзірлемелерді дайындау және жариялау



Сурет 2 – 2017–2020 жылдар аралығында Талдықорған қаласындағы орта мектеп мұғалімдерінің ғылыми басылымдар мен конференция жинақтарында жарияланған мақалалар мен әдістемелік әзірлемелерінің саны

Пән мұғалімдерінің өз беттерімен білімдері мен кәсіби біліктіліктерін арттыруға, озық іс-тәжірибелерді, белгілі бір пән бойынша теориялық түсініктерді терең меңгертуге мүмкіндік беретін ғылыми және әдістемелік мақалалар, әдістемелік әзірлемелер саны 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 10% немесе 50, 2019 жылы 18% немесе 50 артқаны, ал 2020 жылы пандемияға байланысты оқу үрдісінің қашықтықтан онлайн оқыту жүйесіне көшіруге байланысты 3% кемігенін көрсетті (3 сурет).





Сурет 3 – Талдықорған қаласындағы мектептерде 2017–2020 жылдар аралығында педагогтардың білімі мен кәсіби біліктіліктерін үздіксіз арттыру шараларындағы саны

Зерттеу барысында алынған мәліметтерге жасалған талдаулар 2017 жылы ғылыми басылымдар мен конференция жинақтарында жарыланған мақалалар мен әдістемелік өзірлемелер атқарылған біліктілікті жетілдіру шараларының 42,4 %, ал 2020 жылы ол көрсеткіш 1,82 % төмендеп 40,58 % құрады (4 сурет).

4 суретке жасалған талдаулар Талдықорған қаласындағы жалпы орта білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің қатысуымен өткізілген теориялық семинарлар мен педагогикалық дәрістер саны 2017 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 2,45 %; авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар даярлау екі есе артып 1,68 %; басқа мектептердің іс тәжірибесімен танысу, озық педагогикалық тәжірибені енгізу 3,16 % артқанын көрсетті.



Сурет 4 – 2017–2020 жылдардағы Талдықорған қаласындағы педагогтардың кәсіби біліктіліктерін үздіксіз арттырудың мектепшілік жүйесі бойынша атқарылған іс-шаралардың үлесі

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2017 жылмен салыстырғанда 2020 жылы бастамашыл шығармашылық топтар мен пәндік әдістемелік бірлестіктер жұмысына қатысу 1,97%, психологиялық тренинг 1,76%, мектепішілік, өңір аралық және республикалық кәсіби шеберлік байқауларына қатысу 1,36% төмендеді. Екі жылдың арасындағы өсу көрсеткіштерінің айырмасының шамалы болуын 2020 жылы I сәуірден бастап орта мектептердің қашықтықтан онлайн оқуға көшумен, көптеген әдістемелік іс-шаралардың шектелуімен түсіндіруге болады. Жасалған талдаулар орта білім беру мекемелерінде педагогтардың білімдерін өз беттерімен арттыруда ғылыми басылымдарда, конференциялар жинақтарында, жаряланатын мақалалар мен баяндамаларға, оқу әдістемелік құралдарға баса назар аударылады деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді, сонымен қатар, Талдықорған қаласындағы 2600 астам пән мұғалімдері еңбек ететін 26 орта мектепте заманауи оқыту әдістері мен технологияларын оқу үрдісіне енгізу, теориялық семинарлар, педагогикалық дәрістер, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар даярлау сияқты педагог мамандардың білімі мен кәсіби біліктіліктерін өз беттерімен арттыруға баса назар аудару қажет деген ой қорытындыларын шығардық .

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне жасалған талдауар педагогтардың білімі мен кәсіби шеберліктерін үздіксіз арттырудың мектеп ішілік жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері саналатын заманауи оқыту әдістері мен технологияларын оқу үрдісіне енгізу, теориялық семинарлар, педагогикалық дәрістер, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар даярлау бағытында жұмысты жандандыру үшін I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығымен, жаратылыстару, педагогика және психология кафедраларының әдіскер ғалымдарымен бірлесіп төменде көрсетілген іс-шаралар жүзеге асырылды:

1 Алматы облыстық білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің білім беруді дамыту оқу–әдістемелік орталығының ZOOM, Cisco Webex Meetings webex.com, meet.google.com онлайн конференция платформаларымен орта мектептің мұғалімдеріне арналған «Қашықтықтан оқыту жағдайында заманауи оқыту әдістері мен технологияларын, электронды білім беру ресурстары мен платформаларын пайдалану әдістері» тақырыбында онлайн шеберлік сабақ ұйымдастырылды;

2 Алматы облыстық білім басқармасының білім беруді дамыту оқу–әдістемелік орталығының әдіскерлерімен бірлесіп география және жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің арналған «Қашықтықтан оқыту жағдайында сандық карталар мен электронды білім беру ресурстарын пайдалану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын

дамыту әдістері» тақырыбында 72 сағаттық кәсіби біліктіліктерін арттыру курсың ұйымдастырылды;

3 Орта мектеп мұғалімдеріне арналған «Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар даярлаудың тиімді әдістері мен технологиялары» тақырыбында қысқа мерзімді әдістемелік-тәжірибелік онлайн семинар жоспары құрылып , өткізілді .

Педагогтың кәсіби өсуі үшін өзін-өзі дамытуды бірінші орынға қою керек.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

2 **Гладкова, Ю. А.** Непрерывное профессиональное развитие и самообразование современного педагога [Текст] // Педагогическое образование и наука. – 2003. – № 3. – С. 139.

3 **Даринская, Л. А.** Взаимосвязь педагогических и образовательных технологий в системе постдипломного педагогического образования [Текст]. – Киев, 2010. – Выпуск 8. – С. 126.

4 **Кузьмина, Н. В.** Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения [Текст]. – Киев : Высшая школа, 1990. – 119 с.

5 **Кулюткин, Ю. Н.** Развитие творческого потенциала учителя в процессе его последипломного образования [Текст] // Проблемы непрерывного образования. – Псков : Курсив, 1995. – № 4. – С. 22.

6 **Резанович, И. В., Шкерица, Г. А.** Концептуализация педагогического опыта в процессе внутриорганизационного повышения квалификации [Текст] // Вестник Томского государственного педагогического университета. – Томск, 2010. – 160 с.

7 **Шуляр, В. И.** Механизмы реализации государственных стандартов общего среднего образования в системе повышения квалификации педагогических работников [Текст] // Балтийский гуманитарный журнал. – 2015. – № 3(12). – С. 74–77.

8 **Тұрғынбаева, Б. А.** Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту [Текст]. – Алматы, 2005. – С. 208.

9 **Құрманалина, Ш. Х.** Оценка качества профессиональной компетентности учителя [Текст]. – Алматы, 2006. – С. 41.

10 **Василенко, Л. И.** Имидж молодого учителя-предметника [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://psylist.net/pedagogika/pedaks.htm>.

11 **Романова, К. Е.** Особенности реализации концепции формирования и развития педагогического мастерства будущих учителей [Текст] // Наука и Школа. – 2010. – № 2. – С. 63–66.

12 **Саранцева, М. В., Куровский, В. Н.** Управление процессом совершенствования профессионального мастерства педагогов системы общего образования на муниципальном уровне [Текст] // Вестник Томского государственного педагогического университета. – Томск, 2010. – № 1. – 160 с.

13 **Якушева, С. Д.** Основы педагогического мастерства [Текст]. – М. : «Академия», 2010. – 256 с.

14 **Муханбетжанова, А. М., Бахишева, С. М., Кемешова, А.** «Педагогикалык жүйетану негиздері» : Окулык [Текст]. – Алматы, 2015. – 178 б.

## REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020–2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy [State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. – Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2019 zhylygy 27 zheltoksandagy № 988 kaulysymen bekitilgen [Approved by the Government of the Republic of Kazakhstan on December 27, 2019. № 988].

2 **Gladkova, Yu. A.** Nepreryvnoe professional'noe razvitie i samoobrazovanie sovremennogo pedagoga [Continuous professional development and self-education of a modern teacher] [Text]. In Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka [Pedagogical education and science]. – 2003. – № 3. – P. 139.

3 **Darinskaya, L. A.** Vzaimosvyaz' pedagogicheskikh i obrazovatel'nykh tekhnologii v sisteme postdiplomnogo pedagogicheskogo obrazovaniya [The relationship of pedagogical and educational technologies in the system of postgraduate pedagogical education] [Text]. – Kiev, 2010. – Issue 8. – P. 119.

4 **Kuz'mina, N. V.** Professionalizm lichnosti prepodavatelya i mastera proizvodstvennogo obucheniya [Professionalism of the personality of the teacher and master of industrial training] [Text]. – Kiev : Vysshaya shkola, 1990. – 119 p.

5 **Kulyutkin, Yu. N.** Razvitie tvorcheskogo potentsiala uchitelya v protsesse ego poslediplomnogo obrazovaniya [Development of the teacher's creative potential in the process of his postgraduate education] [Text]. In Problemy nepreryvnogo obrazovaniya [Problems of continuous education]. – Pskov : Kursiv, 1995. – № 4. – P. 22.

6 **Rezanovich, I. V., Shkerina, G. A.** Kontseptualizatsiya pedagogicheskogo opyta v protsesse vnutriorganizatsionnogo povysheniya kvalifikatsii [Conceptualization of pedagogical experience in the process of intraorganizational advanced training]. In

Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Bulletin of the Tomsk State Pedagogical University] [Text]. – Tomsk, 2010. – 160 p.

7 **Shulyar, V. I.** Mekhanizmy realizatsii gosudarstvennykh standartov obshchego srednego obrazovaniya v sisteme povysheniya kvalifikatsii pedagogicheskikh rabotnikov [Mechanisms for the implementation of state standards of general secondary education in the system of advanced training of pedagogical workers] [Text]. In Baltiiskii gumanitarnyi zhurnal [Baltic Humanitarian Journal]. – 2015. – № 3(12). – P. 74–77.

8 **Turgynbaeva, B. A.** Mugalimderdin shygarmashylyk aleuetin biliktilikti arttyru zhagdaiynda damyту [Development of creative potential of teachers in the conditions of professional development] [Text]. – Almaty, 2005. – P. 208.

9 **Kurmanalina, Sh. Kh.** Otsenka kachestva professional'noi kompetentnosti uchitelya [Assessment of the quality of professional competence of the teacher] [Text]. – Almaty, 2006. – P. 41.

10 **Vasilenko, L. I.** Imidzh molodogo uchitelya-predmetnika [The image of a young teacher-subject] [Electronic resource]. – Access mode: <http://psylist.net/pedagogika/pedaks.htm>.

11 **Romanov, K. E.** Osobennosti realizatsii kontseptsii formirovaniya i razvitiya pedagogicheskogo masterstva budushchikh uchitelei [Features of the implementation of the concept of formation and development of pedagogical skills of future teachers] [Text]. In Nauka i Shkola [Science and School]. – 2010. – № 2. – P. 63–66.

12 **Sarantseva, M. V., Kurovskii, V. N.** Upravlenie protsessom sovershenstvovaniya professional'nogo masterstva pedagogov sistemy obshchego obrazovaniya na munitsipal'nom urovne [Management of the process of improving the professional skills of teachers of the general education system at the municipal level] [Text]. In Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Bulletin of the Tomsk State Pedagogical University]. – Tomsk, 2010. – № 1. – 160 p.

13 **Yakusheva, S. D.** Osnovy pedagogicheskogo masterstva [Fundamentals of pedagogical skills] [Text]. – Moscow : «Akademiya», 2010. – 256 p.

14 **Mukhanbetzhanova, A. M., Bakhisheva, S. M., Kemeshova, A.** «Pedagogikalyk zhyietanu negizderi»: Okulyk [Fundamentals of pedagogical systemology : Textbook] [Text]. – Almaty, 2015. – 178 p.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\**А. Б. Абуханова*

Жетісуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдықорган.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## **СИСТЕМА ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ ВНУТРИ ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*В статье рассмотрены структура, содержание и основные направления внутришкольной системы непрерывного образования, место для повышения профессиональной квалификации педагогов, организационные методы, цели, задачи, основные формы повышения мастерства современных педагогов в соответствии с требованиями программы Цифрового Казахстана и информационного общества в условиях обновления содержания образования. Описаны места методической деятельности школы, работы предметных методических объединений, творческих и проблемных групп в совершенствовании профессионального мастерства педагогов на основе применения современных активных и интерактивных методов и технологий обучения, электронных образовательных ресурсов. Для раскрытия содержания темы проведен анализ работы методической службы средних общеобразовательных школ города Талдыкорган за 2017–2020 годы по непрерывному повышению уровня знаний и профессионального мастерства учителей. Вместе с тем, на основе анализа результатов проведенных эмпирических исследований были выявлены приоритетные направления системы непрерывного образования, проводимые в методической деятельности школы, ключевые проблемы, на совершенствование которых необходимо обратить особое внимание, обозначены оптимальные подходы к их решению. В статье конкретизируются понятия «система повышения профессиональной квалификации педагогов внутришкольного профиля», «актуальная группа», «творческая мастерская» доказывающаяся актуальность системы непрерывного образования в условиях обновления содержания образования, направленной на выявление личностных возможностей и интеллектуальных способностей педагога на основе самоосознания и оценки.*

*Ключевые слова: непрерывное образование, методическое объединение, система внутришкольного повышения квалификации, повышение квалификации педагогов, педагогическое мастерство, проблемная группа, саморазвитие, самообразование.*

\*A. B. Abukhanova

I. Zhansugurov Zhetysu University,  
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Material received on 10.12.21.

## **SYSTEM OF PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF TEACHERS WITHIN THE SCHOOL IN THE CONDITIONS OF UPDATED EDUCATIONAL CONTENT**

*The article discusses the structure, content and main areas of the intra-school system of continuing education, the place for improving the professional qualifications of teachers, organizational methods, goals, tasks, the main forms of improving the skill of modern teachers in accordance with the requirements of the Digital Kazakhstan program and the information society in the conditions of updating the content of education. The places of methodical activity of the school, the work of subject methodical associations, creative and problem groups in improving the professional skills of teachers based on the use of modern active and interactive methods and technologies of training, and electronic educational resources are described. In order to disclose the content of the topic, an analysis of the work of the methodical service of secondary secondary schools in Taldykorgan for 2017-2020 was carried out to continuously improve the level of knowledge and professional skills of teachers. However, based on an analysis of the empirical studies, the priority areas of the school's teaching system have been identified, the key problems that need to be addressed, and the best approaches to addressing them have been identified. The Concept of "system of professional development of the agagogos of intra-school profile", "actual group" and "creative workshop" proves the relevance of the system of continuous education in the context of updating the content of education, aimed at revealing the personal capabilities and intellectual abilities of the teacher on the basis of self-awareness and evaluation is being proved.*

*Keywords: continuous education, methodical association, system of intra-school training, training of teachers, pedagogical skills, problem group, self-development, self-education*

Теруге 10.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

5,63 Мб RAM

Шартты баспа табағы 33,3.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3855

Сдано в набор 10.12.2021 г. Подписано в печать 29.12.2021 г.

Электронное издание

5,63 Мб RAM

Усл.п.л. 33,3. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3855

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz